


**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ
АУДАН ХАЛҚЫН 1 МАМЫР –
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІП КҮНІ
МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**



Қақірпі жерлестер!
Арқақты ағайын!

Баршаңызды береке мен бірліктің мейрамы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке бейбітшілік пен келісімді бағалайтын барша қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие. Біздер басты байлығымыз санапатын бірлікті әрдайым көздің қарашығындай сақтап, нығайтуға тиіспіз.

Осы орайда, «Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен несібесі мол болмақтығын» назарда ұстаған Қазақстан халқы Ассамблеясы – елімізге бірліктің, келісімнің күелі бесігі, тұтастық пен татулықтың құтты шаңырағы.

Қазіргі таңда біздің ауданда өзге ұлт өкілдері көп болмаса да, жергілікті халықпен етене арапасып, тату-тәтті, ынтымақта өмір сүреді.

Қақірменді ойыпқырлар!

Бірлігі бекем ұлттың апар асуы, шығар шыңы биік болатыны сөзсіз. Еңгеше ұыздай ұйыған ортақ Отанымызда атқан әрбір бейбіт күннің қақіріне жетіп, бақытты да баянды ағымар кешейік!

Ел басына сын сағаттар шып, адам қауіпсіздігіне алаңдауымен қазіргі төтенше жағдай кезінде бірлік пен ынтымақтың, татулық пен тұтастықтың маңызы ерекше. Біз бірікпек ғана, бір мақсатқа жұмыссақ ғана, адамзат бапасына қауіп төндірген бұл сынан қа сүрінбей өтеміз. Татулықты ту қылып, бірлікті берекенің бастауы санайтын бізді де қазіргі қауіптен қорғауға мерекелік ауқымды шараларды негізінен онлайн форматта өткізуге мәжбүрленіп отыр.

Ертеңгі күнге ешқашан сенімін жоғалтпаған біз үшін бүгінгі күні басты мәселе – халықтың саулығы. Сондықтан санитарлық талаптарға бағынып, өзіңнің отбасың мен ағайынның аманлығы үшін мерекелік отбасылық басқосуларды тоқтата тұруымыз керек.

Тыныштығы сақталып, ынтымағы жарасқан еліміздің еңсесі биік, мерейі ұстем болсын!

Халықтар достастығы мен ынтымақтастығын көзге алған мамыр мерекесі, халықтың тамаша дәстүріне, қазақстандық топаралдылықтың бейнесіне, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналған мерейлі мереке құтты болсын! Түрлі халықтың тағдырын тоғыстырған, тұтастығын сақтаған Қазақстан жасау берсің! Тілегіміз — тыныштық пен татулық болсын!

Елімізге халықтар бірлігі жарасып, Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын. Ел іргесі аман, келешегіміз кемең болсын! Баршаңызға жаңа жыл бақыт, игілік, табыс тілеймін!

Құрметпен Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

БЮРО ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Аудан әкімі, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНЫҚ САЯСИ КЕҢЕС БОЛРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ. КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ БІРҚАТАР СҰРАҚТАР БОЙЫНША БЮРО МҮШЕЛЕРІНІҢ ДАУЫС БЕРУІМЕН ҚҰЖАТТАР, КЕСТЕЛЕР БЕКІТІЛДІ. АТАП АЙТСАҚ, ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АУМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ТӨРАҒАЛАРЫ, ҚҰРАМДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ БЕКІТІЛІП, АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ.



Партияның Саяси кеңес Бюросының шешімімен таратылған партиялық кураторлар институтының орнына, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының нақты бағыттарының іске асырылуын бақылау бойынша 14 республикалық қоғамдық кеңес құрылды.

Қоғамдық кеңес ең алдымен электрондық міндеттемелердің орындалуына жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, өзекті бағыттардың қатарында мемлекеттік органдардың азаматтардың өтініштеріне тиықты қарап, сапалы жұмыс істеуіне, бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігіне мониторинг жүргізу сияқты мәселелерді өз бақылауына алады.

Ойыл ауданы бойынша 9 қоғамдық кеңес құрылды. Бұл Кеңестер

азаматтық қоғамның белсенді бөлігіне өзекті тақырыптарды талқылау үшін сарапшылық және диалог алаңын ұсынуы қажет. Кеңес құрамы жаңартылып, ауданымызда түрлі саяси қоғамдық, әлеуметтік жұмыстарға белсене атсалысып, үн қосып жүрген жасарға басымдық берілуі тиіс, - деді аудан әкімі Асқар Қазыбаев.

Сонымен қатар, Бюро отырысында бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарының кестесі және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының кезекті ХЛ есеп беру-сайлау конференциясын шақыру туралы мәселелер де қаралды.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
«Nur Otan» партиясы
Ойыл аудандық филиалы
Консультанты.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНДЕ ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ЖЕР КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ БҰРЫН ЖҰМЫС ТОПТАРЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ДАУЫС БЕРДІ. АТАП АЙТҚАНДА, ЖЕР КАДАСТРЫ МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНА ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ БОЙЫНША КАДАСТРЛЫҚ АҚПАРАТТЫ (ОНЫҢ ІШІНДЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ АТАУЫ НЕМЕСЕ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕГІ) КӨРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН НОРМАНЫ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТКЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС ҚОЛДАУ ТАПТЫ.

ЖЕР КОМИССИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН ЖЕКЕ МЕНШІККЕ БЕРУ МОРАТОРИЙ МЕРЗІМІН 5 ЖЫЛҒА ҰЗАРТТЫ

Сондай-ақ, елді мекендердің айналасындағы қоғамдық жайлымындағы арналған жерлерді белгіленген радиус шегінде резервтеуді көздейтін нормативтік құқықтық актілерді өзгерту және қабылдау ұсынымы қабылданды.

Үшінші мәселе – қазақстандықтар үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке беру мәселесі тағы да қызу талқыланды. Отырысқа қатысушылар үшке бөлінді: жеке меншікті жақтаушылар, тыйым салуды жақтаушылар және фермерлерге ұзақ мерзімге жалға берген дүрыс деп санайтындар.

Комиссия мүшелерінің арасында бірыңғай пікір қалыптаспағандықтан, Ералы Тоғжанов мәселені егжей-тегжейлі талқылауды ұсынды.

Айтылған ойларды, қоғамның пікірін, сондай-ақ осы мәселенің экономика мен ауыл шаруашылығы үшін маңыздылығын ескере отырып, комиссия төрағасы:

- ауыл шаруашылығы жерлеріне толық түгіндеу жүргізу, оның барысында елдің барлық жерлерінің толық және геоботаникалық ерекшеліктерін ескеру;

- нарықтық бағаны ескере отырып, жер құнына толық тексеру жүргізу және соңғы 10 жылда өзгермеген ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын қайта қарау;

КЕШІГІП КЕЛГЕН «БЕСҚОНАҚ» - ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ БОЛҒАЙ!

Басқа жақты білмеймін, біздің өңірде «Бесқонақты» құдасындай күтеді. Үлкендерден жеткен ұғым бойынша жаздың шаруаға жайлы, ылғалды болмағы «Бесқонаққа» көп байланысты. Қыс ерте шыққан жылдары ерте келіп, өбігерге салып жатса, биылғыдай кешігіп келетін жылдары да болған. «Бесқонақтың» тіпті тамбай, ырымын да жасамай кеткен жылдары да болды.

Қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс табиғаттың амалы биыл Ойылды еңкелеткен жоқ. Үш күн бойы айналып соққан ақ жауын жер –Ананың мейірін қандырып кетті. Аңқасы кепкен аңғарлар, кезеріп тұрған қыраттар тіршіліктеріне өбден қанды.

Соның алдында ғана Ойыл селолық округі әкімі Сәндібек Дәулетқалиевтің бастамасымен ауыл шетіндегі ескі қорымдарда ашық қалған сүйектерді арулап қайта көмген еді. Ауыл ақсақалдары осы жағдайды көптен бері қозғап, бұған дейін де ауыл молдасымен бірден-саран сүйектер қайта жерленген болатын. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген, бүкіл жолы көп болып ұйымдасып кірісген шарапаты мен сауабы мол іс рухтарды да разы етті. Үлкендер айтып отыратын сүйек ашық жатқан жерге жаңбыр жаумайды деген сөздің қаншалықты рас екенін осыдан аңғаруға болатын сияқты.

Селолық округтегі сауапты іс мұнымен шектелген жоқ. Кеше ғана Ойылдың орталық көшелеріне 50 түп қарағай көшеттері отырғызылды. **П.С. Кеше «Ойылдың арнасы толып кеше жатыр» - қуанышы хахар жетті. Бірнеше жыл қапарынан соққан қуаңшылықтан, ақпанда басталған наурыздың соңғы күніне дейін құдіксіз соққан қыстың қытымыр мінезінен пұтықтаған халықтың көңілін серпілтіпкен жаңақыр жақсылықтың жаршысы болғай!**

СХАМЗУН,
Ойыл селосы.



- жерді өдіп және ашық беруді қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы жерлерін электрондық форматта және ашық қолжетімділікте беру тетігін енгізуді ұсынды.

«Түпкілікті шешім қабылдауға біраз уақыт кететіні анық. Асығуға болмайды. Аталған жұмыстарды сапалы орындау және енгізу үшін 3 жылдан 5 жылға дейін уақыт қажет. Осылайша, қазақстандықтар үшін жеке меншікке мораторийді көздейтін норманың қолданылу мерзімін 5 жылға ұзартуды ұсынамын», - деді Е.Тоғжанов.

Бұл ұсыныс дауыс беруге шығарылып, Комиссия мүшелерінің басым көпшілігі қолдады.

Қорыта келе, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Жер комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы ақпарат берді.

Оның айтуынша, бір ай ішінде Комиссия мен жұмыс топтарының 12 отырысы өткізіліп, онда 113 мәселе мен ұсыныс қаралды. Оның 20-сы бойынша нақты шешімдер қабылданды. 28 ұсыныс Парламентке және 47 ұсыныс нақты шаралар қабылдау үшін мемлекеттік органдарға жіберілді. Жұмыс топтарында күн төртбінен 18 сұрақ алынып тасталды. Отырстар ашық өтті және телеарна мен интернетте трансляцияланды. Комиссияның әрбір мүшесі сөз сөйлеуге және өз пікірін айтуға толық құқылы

болды.

Сондай-ақ, ол комиссия АӨК саласын дамытуға оң ықпал ететін бірқатар маңызды шешімдер қабылдағанын атап өтті. Оның ішінде:

- қазақстандықтарға ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту үшін негізгі шешім болып табылатын жаңа мерзімге жалға беруді ұзартудың басым құқығымен ауыл шаруашылығы жерлерін 49 жылға дейін ұзақ мерзімді жалға алу мүмкіндігін беру;

- барлық қазақстандықтар үшін ұзақ мерзімді жалға алынған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша жер кадастры деректеріне қолжетімділік жасау;

- жер қатынастарын цифрландыру мәселелері жөніндегі заң жобасы қабылданғаннан кейін 2023 жылдан бастап өкімдіктер жанындағы жер комиссияларын тарату;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қосалқы жалға беруге тыйым салу бойынша;

- қазақстандықтарға жалға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті мөлшерлерін бекіту туралы Үкімет қаулысын қабылдау бойынша;

- жайылымдық жерлердің жүктемесі туралы өзекті деректерді алу үшін космомониторинг сервисінің және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясын қамтама-

сыз ету бойынша;

- жергілікті халыққа орман қоры жерлерін 10 жыл және одан да көп уақыт мал жаю және жем-шөп дайындау үшін пайдалану мүмкіндігін беру, сондай-ақ ауылдық елді мекеннің айналасындағы радиусты халық үшін қоғамдық жайлымындағы енгізу мәселелері бар.

Комиссия ұсыныстарының негізінде қазіргі уақытта арнайы заң жобасы әзірленуде, ол белгіленген тәртіппен келесі айда Парламентке енгізілетін болады, деп хабарлады Комиссия төрағасы. Комиссия мүшелері оны қарау кезінде жұмыс топтарына қатыса алады.

«Құрметті комиссия мүшелері, біз жан-жақты талқылаулар жүргіздік және комиссия алдында тұрған негізгі мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылдадық. Бұдан өрі жұмыс комиссия шешімдерінің қорытындылары бойынша әзірленетін заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобында жалғасады.

Осы жұмыс тобын құруды Ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсырамын.

Комиссияның әрбір мүшесі осы жұмыс тобының құрамына өз өкілімен кіріп, оның жұмысына қатыса алады», - деп қорытындылады Ералы Тоғжанов.

ТЕРІС ИДЕОЛОГИЯНЫ ТЕЖЕЙТІН КҮШ – ТАРИХИ САНА



Қазіргі әлемдегі болып отырған діни-саяси ахуал тұрақты емес екені, оған түрлі саяси-экономикалық астыртын күштердің жағымсыз әсері етіп отырғаны жалпы халыққа белгілі жағдай. Таяу Шығыс елдерінде орын алған діни экстремистік топтардың елдері ішінде ылаң салып, бүлік шығарған, одан қаншама жазықсыз азаматтардың жапа шеккені ақиқат жағдай.

Өкінішімізге орай, кейбір теріс идеялардың жастардың санасына сынама-лап еніп отырғаны өлі де жағдайды ұшықтырмаса, жақсартпайтыны анық. Елімізде жүздеген, мыңдаған азаматтарымыздың өлі де болса, жалған ағымдардың жетегінде жүргені белгілі жағдай.

Діни экстремизмге қарсы күрес мекемелері жыл сайын өз тәсілдерін жақсартып, заман ағымына орай өзгерткенімен, теріс идеядағы азаматтардың саналарына интернет құралдарының ықпалы азаймай отыр. Оңалту және түсіндірмелі жұмыстары жанданғанымен, нәтижелі отаншылдық және ұлттық мүддеге пайдалы-

ғында болып отыр.

Елдегі діни экстремизммен күресте шетелдік теріс ағым жолындағы ұстаздың діни түсінігіне, өзге шетелдегі басқа бір ұстаздың түсінігімен жауап беру орын алған. Бұл түптеп келгенде ұлттық мүддені түгіндемейді. Бұл радикалдары ағымдармен күрестегі мамандардың да рухани жаңғыруы қажеттігін туындатады.

Ол үшін өзіміздің төл ұлттық жобамыз – тарихи санамен ғана қарсы тұрып, жоғымызды түгендей алмақпыз. Псевдоселөфизмге қарсы идеялық тартымдылықтың орын тарихи сана ғана алмастыра алатынына сенім мол. Өйткені генеологиялық жады ұрпақтың санасында болады және ерқашан жаңғыруды күтіп, бұғып жатады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының айтағы да осы деп ұғынамыз. Халықтың ұлттық болмысы мен ғылымға деген махаббатын, азаматтарымыздың рухын Ислам арқылы да тәрбиелеуге болады. Сонда оның ұлттық ойлауы имани деңгейге, ал ғылымға құштарлығы екі дүниелік

ойлау болмысына айналады.

Біз өлі де Исламның сыртқы қалыптан гөрі ішкі мәнге түскенін түсінбей келеміз. Шөкерімше айтқанда: «сырт тазасы не керек, тазарт өуелі ішінді». Қазақтың жаңғыруының түп негізінгі бірі осында жатыр. Яғни, ішкі рухани күш пен ішкі мән.

Исламды түсіндіргенде ішкі қалыпқа (ішкі жан-дүниеге) басымдық мән беру керек. Қазіргі жағдайда сыртқы қалыпты көбірек насихаттау діндар азаматтардың сырт көз үшін ғана діннің қағидаларын ұстап, ішкі тазалыққа мән бермеуіне алып келуде.

Ол идеологияның аты– «тарихи сана». Айтып өткеніміздей, жас ұрпақтың санасында ата-бабаларынан сіңген ұлттық жады бар. Біз сонны қозғай білуіміз қажет. Бүгінгі ел арасына ылаң салып бүлдірген жат идеологиялардың негізі сырттан таңылғандықтан, оған қарсы күш ұлттық болмыс екенін ұғамыз.

Теріс ағым жолындағы азаматтарға тарихи сананы алға тарта отырып, данышпан Абай айтқан «жүрек ілімін» дурыс қолдана білуіміз қажет. Батыс философияларының айтуы бойынша батыс пен шығыс өркениеттер қақтығысын жүрек ілімі (бір құдіреттің бар екеніне бас ұра отырып, адам баласын сүюге бағытталған ұстаным) ғана жұмсарты алады екен.

Псевдоселөфизм мен дестүрлі діннің тарихы тым тереңде, оларды ұстанған адамның бір пікірге келуі неғайбл деген түсініктер берік орын алған. Бұл қате пікір.

Мысалы, бүгінгі селөфит қазақтың ата-бабасынан бері сондай теріс ағымда болмағаны түсінікті. Демек, саналық жадысында теріс түсінік берік орнамаған, ол уақытша ғана ақпарат. Ары жағындағы генеологиялық жадысын жаңғыртсақ ғана, бергі жағындағы теріс ақпарат жуылып, шайылып кетпек.

Мұхаммед ӘЛІ.

Қосымша білім берудің мән — мағынасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қол бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына өсіресе кесіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп — үйрететін орта, оның жүрегі — мұғалім. Ізденімсіз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тус — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр мұғалімнің борышы. Ол өз кесібін, өз пөнін і, барлық шөкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі — педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрдақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толыққан шығармашыл тұлға қызыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кесіби шеберлігі, едістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- реф- лекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық — әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейінен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты,

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ҚАНДАУ?

белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Қосымша білім беру — өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі негізгі кезеңнің бірі. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Еліміздің дарынды жастары қосымша өнер орталықтары арқылы өмірге жол-дама алады. Қосымша білім беруді еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөліп алуға болмас. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен тығыз байланысты. Міне, қосымша білімнің үлкен тәрбиелік қызметі осында.

Қосымша білім беру арқылы тәрбиеге байланыста қоғамдық күштерді ұйымдастыруға және біріктіруге болады. Ол ішкі тәрбие процесін атқарып қана қоймайды, оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан қосымша білім беру — балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның да-мысында және қалыптасуында ер түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктіретін орталық.

Қосымша білім беру орталықтарындағы ең негізгі мәселелердің бірі-шығармашыл тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қосымша білім беру орталығы үйірмелеріне қатысатын оқушылардың барлығы дарынды оқушылар. Себебі олар өздерінің сүйікті ісімен айналысып, толыққанды меңгеруге тырысады.Сол себепті қосымша білім беру орталығындағы педагогтар әр баланың бойындағы

даралық ерекшеліктерін анықтап,сол бойынша жұмыстар атқаруы керек. Оқушыны қызықтырып,өнерге тарта білулері қажет.Әр ұйымдастырылған сабақ үлгісі екінші өтетін сабаққа ұқсамауы керек. Яғни сіздің алдыңызға келетін баланың талабан қанағаттандыру қажет. Олай болса сол бағытта жұмыстар жасап,баланың қалыптасуына жадай жасау керек. Мемлекеттің білім беру саясаты қосымша білім беру ісіне үлкен көңіл бөлген. Оны мемлекеттің «Білім туралы Заңынан көруге болады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру, түрлерін білім беру саласындағы үкілетті орган айқындайтын қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларға білім беру қызмет-терін көрсетуді бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары шарттық негізде береді.

Қадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарла-маларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда, өндірісте және мемлекеттік ғылым ұйымдары мен жоғары оқу орында-рының ғылыми қызметкерлерінің «Болашақ» халықаралық стипендия-сы бойынша өлемнің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталық-

тары мен зертханаларында ғылыми тағылымдамадан өтуі кезінде жүзеге асырылады деп атап жазылған.

Қосымша білім беру ұйымдарының қазіргі даму жүйесі барлық білім беретін мекемелердегі педагогикалық үрдістің ұйымдастырылуы мен бағдарламаларының талаптарына сай келуі үшін олар белгілі бір үлгіге (стандартқа) түсуді қажет етеді. Шындығында да білім беру орындарының басты міндеті оқушыларды оқыту, үйрету болса және олар алдын-ала белгіленген нормативті (типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспары, күнтізбе-лік және сабақ жоспары т.с.с.) тәртіп бойынша қанағаттандырылса, қосым-ша білім беру мазмұнын білімнің адам өмірі мен қоғамдағы орнын релін балаларға түсіндіру арқылы олардың сол білімге, өнерге т.б. деген қызы-ғушылығын, ынтысын отыап оларды жеке тапсырыс іске асыру амалда-рымен қанағаттандырды. Бұл жағдай-дағы педагогикалық процесс объект-субъектердің өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педаго-гикасы идеясына қурылады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар бар-лық оқу орындары мен әлеуметтік тәлім-тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуін өтікр проблемаға айналдырып отыр. Өйткені дамудағы нарықтық қатынас-тарға еркін араласуға дайын бүгінгінің және болашақтың адамдарын тұлға-

лық интеллектуалдық және кесібі сапалық жағынан өлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару өсіресе осы білім мен тәрбие мазмұнының сапасына тікелей байланысты.

Тәлім – тәрбие қашанда қоғам дамуы мен жетілуінің аса маңызды алғышарттары. Осыған орай қазіргі Қазақстан жағдайында қысқа тарихи уақыт аралығында барлық білім беру жүйесінде оң өзгерістер іске асыры-луда. Оның бірі атап айтқанда қосым-ша білім беруге арналған, оның негізгі субъектісі болып саналатын мектеп-тен тыс мекемелер қызметін жаңа сапада қайтада ұйымдастыру қолға алынуда.Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйым-дары жалпы білім беретін мектептер-мен, басқада білім беру орындарымен бірлесе бірінғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

балалар мен жасөспірімдерді шы-ғармашылық белсенділікке, өз бетін-ше білімін жетілдіруге ынталандыра-тын; білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін;

балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатына-сын ажырата білуге үйрететін;

өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлпын қалыптастыруға үйрететін;

жаңа ғылыми білімдерді және олар-дың айқын тенденцияларын ажырата

білуге үйрететін;

баланың дамуы мен дербес сана-сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түр-леріндегі мазмұн сабақтастығын сақ-тайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргі-зілуп басшылыққа алады.

Қосымша білім беру бағдарлама-сының қазіргі таңдағы басым түрі (кейбір деректерге қарағанда 70-80%) практикалық бағыттылығын сипат алуы-мен даралануда. Мұндай жағдай қосымша білім беру ұйымдары объектілері әлеуметтік – мәдени қызмет пен құндылықтардың меке-нізмін (тетігін) игерген тұлға, яғни жеке тұлға болуға қабілетті адам болып қалыптаса алатынын көрсет-еді. Сонымен бірге, біз балаларды қосымша білім беру бағдарламасы мен тәрбиеленген тұлектің жетіктікп нәтижесі ретінде емес, қазіргі мектеп білімінің сапасын арттыруға қызмет жасайтын үлес деп қарауды да дұрыс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда балаларға қосым-ша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашы-лығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады, өз шеберлігіне масаттануда, педагогына сенеді. Ендігі басты міндет қосымша білім берудің ерекшеліктерін ескере оты-рып қосымша білім берудің өз нәти-жесі мен оны анықтаудың өз әдісте-мелерін жетілдіре, дамыта түсу қажет.

Асыл ЖҰМЫРБАЕВА,
Ойыл аудандық оқушылар үйінің қосымша білім беру педагогы.

ОЙЫЛ ӨЗЕНІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТТАН ҚҰТҚАРУ ШАРАЛАРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ

Ақтебе облысы бойынша: Мұғал-жар, Темір, Ойыл аудандарына және Атырау облысы, Қызылқоға ауданына қарасты Ойыл өзенінің суы жылдан-жылға тартылып, ашып, шіріп, кеуіп балықтары қырылып, елдің құн көріс малдары ішуге жарамай қалғандық-тан күрделі **экологиялық** апатт қалып-тасқалы отыр. Ойыл өзені осылай кеуіп кетсе 800 шақырым Ойыл өзенінің бойы сол далаға айналуы мүмкін.

Кітаптарда жазылған деректерге сүйенсек Ойыл өзенінің ұзындығы 800 шақырым, ені 14-80 метр. Ойыл өзе-ніне 60 шағын өзендер келіп құяды:

1. Қобда ауданы бойынша, Қыыл 193 шақырым, Батпақты 67 ш, Қарағанды т.б.

2. Темір ауданы бойыншы, Шығыр-лықмұмды 71 ш, Кенжалы 64 ш, Жарлы 62 ш, Бабатай 59 ш, Құмды 57 ш, Қайыңды 52 ш, Қарасай 50 ш, Шилі 27 ш, т.б.

3. Ойыл ауданы бойынша, Ащы-ойыл 114 ш, Лабақсай 55 ш, Құрғақты 21 шақырым және Қуырдақты, Келтесай, Қаңбақты, Ащықара, Же-кенді сай, Қарағандысай т. б. ұсақ өзендер мен Жылғалар(тереңдігі 2-6 метр, ұзындығы 2-10 метр, ені 2-6 метр).

Экологиялық апатқа ұшыралағалы отырған 800 шақырым Ойыл өзені бойындағы елді мекендер:

1. Ақтебе облысы бойынша 27 шақырымы Мұғалжар ауданының (Талдысай, Еңбек, Ойбұлық, Қызыл-бұлақ т.б.), **160 шақырымы Темір ауданының**(Шығырлы, Ақсай, Шұбар-құдық кесіпішілгі, Жақсымай, Қона, Шұбарқұдық, Алтықарасу, Сарытоғай, Бабатай, Қайыңды, Шибұлақ т.б.), **335 шақырымы Ойыл ауданының** (Шұбар-шы, Көптоғай, Қарасу, Амангелді, Қа-расу, Қаратал, Берсиев, Ойыл, Микол, Добыр, Қаракөмер, Санаторий, Ақша-тау, Шқұдық, Кемер, Қоңырат, Көсембай, Аманкелді т.б.),

2. Атырау облысы бойынша 278 шақырымы Қызылқоға ауданының (Миялы, Жангелдин, Дәулетиман, Жасқайрат, Аққора, Қойыстану, Тас-шағыл, Қаракөл, Қарабау, Жарпы-шыққан, Тайсойған т.б.).

Бүгінгі таңда спутник арқылы 800 шақырым Ойыл өзенін және Ойыл өзеніне құятын бұлақтар мен шағын өзендерді бөгеп тастаған 38 кедер-гілер анықталып отыр. Бөгеттер одан-да көп болуы мүмкін.

Экологиялық апаттың алдын алу мақсатында Мұғалжар, Темір, Ойыл және Қызылқоға аудандарының азаматтары бірігіп 2020 жылы тамыз айы-ның 22 күні ватсап, телеграм желісі арқылы «Ойыл өзені тобы» құрылды.

Осы уақытқа дейінгі атқарылған

қоғамдық жұмыстар:

Бірінші: Ақтебе қаласы, С. Бәйішев Ақтебе университетінің қолдауымен (Онлайн конференция өткізуге қолдау көрсеткен Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтебе университетің ардагері Беке-жан Ақанұлына, президенті Серік Бекежанұлына, проректор Дөмелі Таңатарқызына және маған көмектес-кен С.Бәйішев Ақтебе университетінің аға оқытушы Астарәгул Бақытжан-қызы мен оқытушы Ләззат Есен-қызына ризашылығымды білдіремін) 2020 жылы 15 қыркүйек күні «Ойыл өзенін қалпына келтіру» тақырыбын-да 33 адам қатысуымен Республи-калық ғылыми тәжірибелік онлайн конференция өткізілді. Алдын ала бір ай бұрын Республикалық ғылыми тәжірибелік онлайн конференцияға қатысуға Мұғалжар, Темір, Ойыл және Қызылқоға аудандарының өкімдерін және Ойыл өзеніне қатысты басқарма басшылары мен жауапты мамандардың қатысуына ықпал етуі жөнінде Ақтебе облысының өкімі Оңдасын Сейілұлы Оразалин мен Атырау облысының өкімі Махамбет Жолдасқалиұлы Досмұхамбетовке өтініш қат жіберілді.

Онлайн конференцияда Ақтебе облысы бойынша баяндама жасап, сөз алағандар мен пікір білдіргендер, сұрақ қойып ұсыныс бергендер:

1.Бәйшев жоғары медициналық колледжінкің оқытушысы, дәрігер, ұстаз Н.Есенғазы(модератор)

2.Ойыл ауданының өкімінің орын-

басары А.Кенжебаев

3. Мұғалжар ауданының өкімінің орынбасары Н.Ержанов

4. С.Баишев Ақтебе университе-тінің экология пөнінің аға оқытушы А.Дәдин

5. Ақтебе облысы, Темір ауданы, Қайыңды ауылының тұрғыны Ө. Кенжебайұлы

Атырау облысы бойынша баян-дама жасап, сөз алғандар мен пікір білдір-гендер, сұрақ қойып ұсыныс берген-дер:

1. Атырау облысының өкімінің орынбасары А. Наутиев

2. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық Каспий бассейнідік инспекциясының басшысы Г.Азидуллин

3. Қызылқоға ауданының өкімі Н.Бисембаев

4. Миялы ауылының тұрғыны Е.Нұров

5. Қаракөл ауылының тұрғыны Жалғас М.

6. Қаракөл ауылының тұрғыны Е.Шеріп

Конференцияда айтылған ұсыныс-тар:

1. Бұл табиғи зардап, сондықтан тасатық жасау, Алла тағаладан күзде жаңбыр, қыста қар жаудыруын сұрау.

2. Бұлақтардың көзін ашып, айна-ласын қоршап, Ойыл өзеніне қарай ағуын бөгемеу, өзеннің орнын, жаға-лауын тазарту жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру.

3. Бұлақ көздерін жауып таста-ғандарды, бөгеп алғандарды, заңды-лықпен анықтау, тәртіпке шақыру.

4. Бұлақ бастау алатын жер асты көлдерінің суын өзенге тарту.

5. Ойыл өзендерін бөліп алып, бөгеп, бөгет салып алған жеке қо-жалықтарды тексеру.

6. Шаруа қожалықтарының Ойыл өзенін мал тезектерімен ластауына жол бермеу, тексеру, тәртіпке шақыру.

7. Суды барынша үнемдеу.

8. Ойыл ауданы, Берсиев ауылы-ндағы платиныы мұз қатқана дейін күз айының аяғында жабу, мамыр айында ашу.

9. Ойыл өзені сіңіп кететін аяқ жағындағы Тайсойған құмына жеткіз-бей платина салу.

10. Ойыл өзені бойындағы шаумал-ы егін, баубашқа суаруды, жаңадан егуді Ойыл өзені арнасына толғанша тоқтату.

11. Қыыл өзеніне құятын бұлақтар-дың көзін ашу және бұлақтарды бөгеп тастағандарды тәртіпке шақыру.

12. Қиыл өзенінің Ойыл өзеніне құятын жеріне платина орнату.

13. Ойыл өзені мәселесін ғылыми тұрғыда зерделеу, зерттеу. Ғылыми институттармен келісім шартқа отыру.

14. Ойыл өзенінің суының құрамын, сапасын тексеру.

15. Ойыл өзені бойында орналас-қан тұрғындардың ауыз су мәселесін шешу.

Онлайн конференцияда материал-дары түгел діксіге жазылып, өтініш қат арқылы 16.09.2020 ж. №102/101/-36/05 Ақтебе облысының өкімі Оңдасын Сейілұлы Оразалинге және Атырау облысының өкімі Махамбет Жолдасқалиұлы Досмұхамбетовке тапсырылды.

Жауап: Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Орман шаруа-шылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы. 25.09.2020 ж. №4-17-964.

Ақтебе облысының табиғи ресурс-тар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы. 02.10.2020 ж. №3Т-А-24/0.

Балық шаруашылығы ғылыми өнді-рістік орталығы. ЖШС. Орал қаласы. №112. 24.09.2020 ж. негізсіз, дәлелсіз жауабы келді.

Республикалық ғылыми тәжірибелік онлайн конференция материалдары барлық телеарналар мен газет, журнал, радио өкілдеріне жіберілді. Телеарналар тілшілері жергілікті халықпен кездесіп, Ойыл өзенінің экологиялық жағдайын тікелей эфир-ден көрсетті, газеттер мен журнал-дарға мақалалар шықты. Ойыл өзе-нінің жанашырлары Facebook, Instag-рам арқылы Ойыл өзенінің экология-

лық жағдайы туралы жазды. Төрт ауданның жанашыр азаматтары ауылдарының қасындағы Ойыл өзе-нің экологиялық жағдайы жөнінде Facebook, Instagram арқылы фотола-рын видеолар жіберді.

Екінші: 13.10.2020 жылы Қ.Жұба-нов атындағы Ақтебе өңірлік универ-ситетінің проректоры және Экология кафедрасы ғалымдарымен Ойыл өзенін экологиялық апаттан құтқару тақырыбы бойынша кездесу ұйымдас-тырылды.

Үшінші: Баишев жоғары медицина-лық колледжінң қолдауымен (Баи-шев жоғары медициналық колледжі-нің директоры Бақыт Сағындық-қызына, орынбасары Динара Ислам-қызына ризашылығымды білдіремін) 2020 жылы 20 қазан күні, «Өзендерді экологиялық апаттан құтқару» тақы-рыбында 81 адам қатысуымен Рес-публикалық идеологиялық-тәрбиелік онлайн конференцияда өтті.

Республикалық идеологиялық-тәрбиелік онлайн конференцияда баяндама жасаған және сөз алғандар:

1. Бәйшев жоғарғы медициналық колледжінкің оқытушысы Нұрлан Ізденұлы(модератор),

2. Бәйшев жоғарғы медициналық колледжі директорының оқу ісі жөнін-дегі орынбасары Шалғынбай Өтеген-ұлы,

3. Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылының тұрғыны, зейнеткер Есенбай Семеуклы,

4. Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетінің доценті Гүлнәр Еркінқызы,

5. Ақтебе қаласы, обаға қарсы станциясының директоры Жайдар Бейсенбайұлы,

6. Мұғалжар аудандық аурухана-сының салауатты өмір салтын қалып-тастыру кабинетінің дәрігері Светлана Сатаққызы,

7. Атырау қаласының тұрғыны профессор, гидролог Едіге Сабырулы,

8. Санкт-Петербург қаласының тұрғыны, профессор Сәрсенғали Аққұлұлы,

9. Қарғалы ауданы бойынша ардагер ана Бибігүл Обдшұкрқызы,

10. Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылының ақсақал-дары.

Ұсыныстар:

1. Бұлақ көздері бар аумақтардағы мектеп оқушыларын, жастарды және студенттерді экологиялық сипаттағы іс-шараларға жұмылдыру. Балалар-дың бойында табиғатқа деген жана-шырлық пен экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Балаларды, жастарды еңбектену арқылы тәрбиелеу.

2. Бұлақ көздері бар жерлерді жалға алған меншік иелері мен табиғатты пайдаланушылар арасында бұлақ суын сатуға тыйым салу(Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер мен оның қойнауы және су көздері мен ресурстары азамат-тардың ортақ иігілігі болып саналады. Әрі мұның бәрі мемлекет қорғауын-дағы нысандар қатарына кіреді.).

3. Елімізде бұлақтар мен ерекше қорғалатын су көздері маңында сани-тарлық нормаларды бұзып, оған залал келтіргендерге ірі мөлшерде айыппұл төлету тәртіптері енгізу.

4. Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті су ресурстарына мониторинг жүргізу жобасын ұсыну.

5. Бұлақтарды күтіп ұстауды ауыл өкімдерінің қузырына беріп, сол ауыл-дың материалдық ресурсы ретінде қорғалуы.

6. Бұлақ суын бұлдірушілерді екім-шілік жауапкершілікке тартуға құзиретті экологиялық полиция қызметінің мәртебесін өсірген дұрыс.

7. Өзендерді тазарту мақсатында Облыстан, Үкіметтен қаржы сурау.

8. Ойыл өзені мәселесі бойынша Ойыл, Темір, Мұғалжар, Қобда аудан-дары және Атырау облысы Қызылқоға ауданының халықтары қол қойып, әр аудан жеке-жеке Президентке, Сенатқа, Үкіметке хат жазу.

9. Ғылыми институттармен байланыс орнату.

10. Қажет болған жағдайда шет елдердегі ғылыми институттармен бірге Ойыл өзенін зерттеу, тексеру мақса-тында бірлесіп жұмыс жасау.

87024919080, Кемерден Аманғали Ө 87012470767. Ақшатаудан Мінсізбай 87026326556, Қаракөмерден Төлеп-берген 87024239762, Аманорман 87712909134, Ойылдан Серік Қ. 87057130626, Берсиевтен Серікқали 87016535639, Көптоғайдан Батырбек 87770766688. Тізім алдын ала комис-сия мүшесі Болатқа бір апта бұрын жіберілді.

Жауап хат: Қазақстан Республи-касы Экология, геология және табиғи ресурстар министрi М.М.Мырзаға-лиевтен Республикалық онлайнын конференция өткізуге келісім берілгені жөнінде 04.12.2020 жылы келді.

Бесінші: 09.12.2020 жылы Ойыл өзенінің экологиялық жағдай

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлкелердің бірі - Ойыл ауданы. Зерттеудің негізгі мақсаты жекелеген архитектуралық және археологиялық ескерткіштердің зерттелу деңгейіне көңіл бөлу. Ойыл өлкесіндегі архитектуралық ескерткіштердің даму деңгейін анықтау. Ойыл ауданының ортағасыр мен қазіргі заман тарихы жөнінде деректер зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Дегенмен этнография саласы бойынша толыққанды зерттеуді қажет етіп отыр. Қойнауы қазына мен түп-тамыры тарихқа бай

оңтүстік жағалауындағы төбешіктер. Барқыңқұмына қарсы бетте орналасқан. Обалар үйіндісінің ара қашықтығы сақталған. Көше тәртібіне де келеді. **Алып адам** мүсіндері де осы Ойыл өзені бойынан Құмсай (Қырықоба) қорғандарынан табылды. Қазба жұмыстары жүргізілген қорымда адамдардың сүйектері ірі, бойлары екі метрге дейін жетеді. Бүгінде тарихи орын қоршауға алынды. «Көзге қырыққа жуық ірі төбелер түседі. Жанында ұсақ қорғандар да бар. Бұл бүгінге дейін сақталған тарихи ескерт-

Ботагөз поселкісінің ізі жатқан жерде қырдың басында жалғыз мола бар. Моланы халық «Ботагөз моласы» дейді. Сол ақ бордан салған мазар 250 жылдан астам уақыттан бері сақталған. Ақшатау тауының борынан салынғанына еш шүбән жоқ.Ақ тастан қашалып салынған үй там алыстан көз тартады. Жанында құлыптасы бар. Оның жазуын оқитын адам табылмады. Ал, 2005 жылы Саралжынның 40 шақырым батыс жағындағы Ботагөз бейіті бар Қоңырсай деген жерде зиялы топтың ұйымдасуымен көлемі

Керуен жолының бойында орналасқан. Маңғыстаудағы Бекет өулиенің зерек шөкірттерінің бірі Шектібай атаның жер асты мешіті болған. Мешіт ақ тасты қабақтан үңгіп жасалғандықтан «Ақмешіт» деп аталған. Қазір мешіттің тек орны ғана бар.

Қазмағамбет хазірет қорымы және түнемелік үйі – Қуырдақты бойын, Жақсыбай аталатын өзеннің Лай, Құлшығай аталатын салаларын жайлаған Лайдың етегіне мешіт салдырып, ұстаған. Оны 2009 ж. көсіпкер Н.Жұмағалиев жаңартып қайта салдырды. Түнемелге келгендерге барлық жағдай жасалған. Сол жерде байырғы құлыптастар бар. 1944 ж. архитектор Т.Бөсеновтың жобасымен Қараталда Шығанаққа арнап ескерткіш пирамида орнатылды. Онда осы жерде Шығанақ Берсиев 1943 жылы тарының гектарынан 1232 пұт өнім алып, өлемдік рекорд жасады» деген жазуы бар. Шығанақ пирамида мазары қайта жөңделген.

Ойыл өңірінде табиғи қасиетімен елдің ықыласына бөленген халық емшілерінің бірі – ғажайып өулие, сынықшы **Сүлеймен Қарабалалуы**. Дүниеден өтерінде өзі айтқан жерге салынған төрт құлақты тамның ортасына бір түп ағаш өсіп, жапырағы жайылып тұр. Бұл – өулиенің құдіреттілігі. Емші атаға аудан жұршылығы 100 жылдығы қарсаңында үлкен кесене тұрғызды, шырақшысы бар, өулие тұтып, төу ететіндер аудан аумағынан тыс жерлерден де келіп жатады.

КЕЛЕСІ БӨЛІМ ОЙЫЛ БЕКІНІСІНІҢ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ДАМУ СИПАТЫ.

Ойыл бекінісінің салынуы 1865 жылдан басталады,1867 жылы пайдалануға беріледі. Қалашық Ойыл өзенінің оң жағалауынан жоғары орналасты. Құрылыс негізінен жергілікті жердің сазы мен топырағынан соғылған кірпіш тастармен тұрғызылды. Қалашықта орыс-қазақ мектебі, сауат ашу мектебі, шіркеу, почта бөлімшесі, жергілікті команда жанындағы лазарет, мал дәрігерлік пункті жұмыс істеді. Кентпен қатарласа солтүстік батыста Көкжар жәрмеңкесінің тас корпустары орналасты. Бекініс құрылысының басым бөлігін сауда үйлері мен керуен сарайлары құрайды. Жалпы 18 құрылыс нысаны бар және 9 дүңгіршектен тұратын 15 көшене болған. Деректерде алғашқы керуен жолы: «Ойыл бекінісінің шығысындағы Кенен атты жерден өтеді. Кенен Қазыбек шатқалына ауыстырылады. Қазыбектен Ойыл бекінісінен шығысқа қарата 70 верста жердегі Барқынқұмға ауыстырылып осы жерде арнайы керуен сарайы тұрғызылады». Арнайы керуен сарайы кез келген жерге салына бермейді, демек Барқын құмының астында қала жатыр деген аңыз-өңгіме шындыққа жақын-дай түседі.

Сонымен, Ойыл бекінісінде орналасқан керуен сарайларындағы алғашқы сауда жәрмеңкесі 1869 жылдың 9 мамыры күні басталды. Поселкенің солтүстік батысында Ойыл жәрмеңкесінің тастан салынған ғимараттары орналасты. Айта кететін қызықты жәйт, жалпы Орынбор өлкесінің жәрмеңкелерінің ішінде «Базарбасы» қызметі алғаш рет біздің Ойыл

Ресейдің негізгі сауда-саттық жолдарының түйіскен орны, керуен жолының орталығы болған. Онда мешіт, жәрмеңке комитеті, сауда дүкендері барлық инженерлік өлшемімен салынған мал соятын жер, көпестердің қызыл қыштан, қарағайдан тұрғызылған үйлері түзу көше болып орналасқан, оның көпшілігі қазірге дейін мінін жоғалтпай сақталған. Кезінде жәрмеңке комитетінің мекемесі болған колледждің жатаханасы, ал оған жалғастыра салынған қызыл қыш корпустар, сауда орындары қазірде сол күйінде.

Осылайша, Ойыл бекінісіндегі жәрмеңке арқылы қазақ даласы Ресей тауарларын сатып алатын орын ғана емес, арзан шикізат көзі де болды. Орыс көпестерінің аңқау қазақтарды арқасынан қаси отырып, өздері қолдан өндірген сапасыз бұйымдарын бағалы шикізатқа айырбастап, мол олжаға кенеліп жатты. Расында да қазақтармен арадағы сауда байланысы Ресей империясының отарлау саясатының бір

жазылған бір парақ құжатты ұсынды. Онда мешіт жобамен 1912 жылы пайдалануға берілген...» деп ескірген қарағды көрсетті. Бұл да соңғы кездегі жазылып алынған дерек екені белгілі.

Қорытындылай келгенде, мешіттің іргетасы 1863 жылы Ойыл бекінісінен бұрын қаланған. Оның тұрғызылуына себепкер болған патша үкіметі екені де даусыз. Жоғарыда атап көрсетілгендей далалық-көшпелі дәстүр ізімен қалыптасқан сауданы өз қорына қосуды жоспарлағаны анық. Егер мешіт жергілікті тұрғындар тарапынан салынса, онда патша үкіметі өзінің түпкі мақсатына жету үшін күшті қолдануы қажет еді. Ол жергілікті халықпен келіспеушілікке алып келеді. Сондықтанда отарлық жүйенің басты қағидасымен өз саясатын жүзеге асыратын өзіне бұрыннан тәуелді, татар мұсылмандарын өз мақсатына пайдаланған. Патша үкіметіне дейін көрші жатқан мұсылман елдерінің саудагерлерінің ұйытқысы болған өңірде мешіт осылай өз тарихын бастаған.



тармағы болатын. Бір сөзбен айтқанда 1868 жылғы реформа өлке қазақтары отарлануының толық негізін қалап берді. 1869 жылдың 22 қазанында бекіністе Ойыл болысы құрылады.

Ақтөбе облысындағы ең ескі мешіттердің біріне саналатын Ойыл мешітінің салыну тарихы сауда қатынасы және патшалы Ресейдің отарлау саясатымен байланысты.

XIX ғасырлардың ортасында салынған мешіттердің бірі, өрі өз маңызын жоғалтпай Ойыл халқының қасиетті ордасына айналған Көкжар мешіті. Мешіттің салыну тарихында үш түрлі жыл көрсетіледі. Олар: 1863, 1893, 1912 жылдар. Көрсетілген жылдардың қайдысы ақиқат екендігін деректерден дәйек келтіре отырып, қорытынды жасайық; 1893 ж. салынғандығы туралы деректер бар. «... Көкжар жәрмеңкесіне келген саудагерлердің сұранысы бойынша табаны шикі кірпішпен қаланып, тастама ағаштарын Орынбордан түйе арбамен өкеліп 1893 жылы салған

Осы дерек тағы бір еңбектер де қайталанарды. "Атаулардың пайда болу тарихы" атты Ақтөбе қаласында 2007 ж. жарық көрген жинақта: "1893 жылы салына бастаған. Іргетасы жабайы тастан төселіп, тастама белдеуліктері түйе арбамен Орынбордан тасылған қызыл кірпішпен қаланған. Алғашқы имамы Ізтілеуов Сағидолла – араб, парсы, орыс тілдерін игерген сауатты адам. Одан кейінгі имам – Хазірет Хасан. XX ғасырдың 30-шы жылдары мешіттің діни белгілері қиратылып, драма театр үйіне, техникалық – шаруашылық қоймаға айналдырылды. 1999 жылы жөнделіп, қайтадан мешіттік қалпына келтірілді."

Бұл еңбектер бірдей датаны көрсетіп тұр. Бұл дерекке сенсек 1867 жылдан 1893 жылға дейін 30 жыл бойына патша үкіметі саудагерлердің ұсынысын орындамаған ба, өлде саудагерлер мешіт салдыруға 30 жыл ойланып барып, сұраныс берген бе деген ой келеді. Бұл өңірде бұрыннан да сауда байланыстары болғандығын, ал патша үкіметі тек оны зандастырып, өзінің қазынасына саудадан түскен түсімді алу масатында жәрмеңке орнына бекініс салғанын ескерсек, бұл шындыққа жанаспайды. Сондай-ақ бұл кезде патшалық Ресейде саяси тұрақсыздық ұшығып, жер мәселесі күрделі шақ екенін ұмытпаған дұрыс.

Олай болса 1863 жылға назар аударайық. «Ақтөбе облысындағы ең ескі мешіттердің бірі – Ойыл мешітінің іргетасы 1863 жылы қаланыпты. Мешітті Ойылдағы өйгілі Көкжар жәрмеңкесіне тауар тасушы татар көпестері салған.» Ұзақ жылдар мешітті басқарған бұрынғы мешіт имамы, қажы Алтынбек Какиевтен 2012 жылдың жазында берген сұхбатында: « Мен 1995 жылы Стам-булдағы медресені бітіріп келгеннен кейін осында жұмысқа тұрдым. Сол кезде Е.Бермұқашев маған осы мешітті тапсырып отырып, сол кездегі машинкамен басылған, мешіт тарихы

XX ғасырдың бас кезінде, Кеңес үкіметі орнағанға дейін неміс, орыс, араб тілдерін жетік білген 1871 жылы Ойыл ауданының 21-ауылында дүниеге келген, Мединенің діни университетін 1906 жылы аяқтаған Сағидолла Ізтілеуов деген кісі Ойыл мешітінің алғашқы бас имамы болды.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Ұрпағы өз жерін, Отанын біліп жүруі үшін, ұлы даланың өрбір қырына, шоқысы мен төбесіне бабаларымыз белгі қойып кеткен. Ғасырлар бойы Сұлиядысын ішке бүккен құлыптастар шетінен шешіліп сөйлей бастады. Ежелден ата-бабаларымыз «Елдің елдігін сақтау үшін ердің ерлігін» дәріптеген. Батырлар даңқының қайта асқақтауы, иен далада еңселі ескерткіш-кесенелердің көптеп бой көтеруі – ел жадының жаңғырағанымыз айғағы. Бүгін тәуелсіздігіміздің көк туы көгімізде желбіреген кезде, еліміздің өшкені жанып, жоғалған асылдары қайта жандануда. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «...Біз тарихымызды өзіміз жаңғыртуымыз міндет. Керек десеңіз, өрбір ауылдың түп-тарихын зерделеп, зерттеп жазып, ұрпағымызға мұра етіп қалдыруымыз қажет...» деп атап өткені белгілі. Осындай ғаламдық жеңісте тарих төрінен орын алар, Мәңгілік еліміздің бір бөлшегі саналатын туған жерім -Ойылдың тарихи құндылықтары шежірелі ескерткіштері, тарихи-мәдени мұрасы өлі күнге сырын бүгін зерттелмеген күйінде жатыр. Оны өлемге паш етіп, еліміздің мақтанышына айналдыру бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызымыз дей келе өз ұсынысмыды ұсынамын:

1. Ойыл ауданында табылған Қырыққоба қорымы республиканы дүр сілкіндірген жаңалық болды. Дегенмен өлі толық зерделенбеген. Осы жағы нақты деректер келтіре отырып қарастырылса;

2. Қазақстан бойына қола дәуірінің ең көп жәдігерлері Ойыл ауданында табылған. Нақтырақ айтсақ, 168 ескерткіш кездеседі. Нақты деректер табылып отыр, ендігі осы ескерткіштер толық зерттеліп, анықталып осы Ойыл өңірінде табылған жәдігерлер оқулыққа енгізілсе;

3. Осы деректерді негізге ала отырып, тарихи-мәдени ескерткіштерді кейінгі ұрпаққа өз тарихын танып білуі үшін қазір осы жәдігерлерді қадірлеуге, дәріптеуге, оларды сақтауға шақырылса;

4. Ойыл өңірінің археология ескерткіштерін толық зерттеуді негізге ала отырып, Ботагөз Тама құлыптасының жазуы зерттелсе.

5. Ойыл ауданының табиғаты көркем, экологиясы таза, топырағы шипалы, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке, тек көрер көз керек. Осы жұмысты арқау етіп, Ойыл ауданында туризм дамыту жолға қойылса... Келер турист өрі қойнауы тарихқа толы өлкемен танысып, өрі шипалы емін алар еді.

Ақпарат интернет ірірмдерінен алынды.

Ойыл өңірінің шежіресі бүгінгі күнге дейін аңыз өңгімелерден, ауыл ақсақалдарының аузынан алынған мәліметтерден аса алмай келеді. Сондықтан осы аймақты толық зерттеп, құнды деректер тауып, қазіргі ұрпаққа мұра етіп қалдыру керек. Мен зерттеу барысында археологиялық және архитектуралық ескерткіштерін бірге қарастыруды жөн көріп, байланысы мен бір-біріне әсерін зерттей отырып, оларды танытуды, осы аумақтағы батырлардың ерлігін қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге қылуды мақсат еттім. Ең бірінші археологиялық сипаттама беріп кетейін. Ойыл ауданының территориясы голоценнің басында (12 мың жыл бұрын) қалыптаса бастады. Бұған дәлел **мезолит дәуірінің** табылған ескерткіштері. Олар көлдер, өзен және бұлақтардың жағалауларындағы құм төбелерде біріліп-екілі табылған. Олардан терілген еңбек құралдарының ішінде кездесетіні: геометриялық микролит, сыналар, микронуклеустер т.б. **Тас дәуірінің көлесі кезеңі – неолит.** Ойыл ауданының неолит дәуірінің ескерткіштерге жатады, олардың ішінде Жақсыбай өзенінің сол жағалауындағы және Ойыл елді-мекенінен оңтүстікке қарай 0,5 шақырым жердегі бұлақтың ойыл өзеніне құятын тұстағы тұрақтарды айтуға болады. Біріліп-екілі табылған заттар аймақта неолит-энеолит дәуірінің уақытша орындарының болғандығын дәлелдейді. . Ойыл ауданында 1947 жылы Қарай ауылының маңынан В.С. Журавлев неолит дәуірінің Қарай тұрағын ашты. Тас бұйымдар ойығы бар ретуштелген сыналармен, қырғыштармен, ретуштелген тескіштермен сипатталады. Тұтастай алғанда мезолит дәуірінің материалдары өте аз кездеседі, алдағы уақытта зерттеулерді кеңейте келе жоспарла түрде аудан территориясындағы өзен жағалауларындағы құмды төбелерді мұқият тексеру қажет.

Археология саласы бойынша үлкен ғылыми жаңалық ашқан Құмсай (Қырықоба) қорымы. Құмсай (Қырықоба) қорымы туралы ел ішінде әр түрлі аңыз бар. Бір нұсқасы - бұл жерлерде ерте ғасырларда қалмақ қалашығы болыпты. Бұл обадан қырылған адамдардың бейігі дейді. 2010-2012 ж.ж. жаз айларында Құмсай (Қырықоба) қорымында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазылған қорымдардан табылған адам мүрделері мен сол уақытта тұтынған заттары ел ауызындағы аңыз, болжаммен мүлде қабыспайды, қалмақтар қалашығы деген де шындыққа жанаспайды екен. Көріп отқандарыңыздай адам қабіріне қызыл бояу себілген. Бұл деген отқа табынушылықтың ізі. Демек Қырықоба қорымы ерте қола дәуіріне жатады, және де талыған адамдар сол дәуірдің адамдары деп қорытынды жасай аламын. Бұл Ойыл өзенінің

кіштердің бірегейі. Мұндай қорған еш жерде жоқ ».- дейді Ш.Берсеев атындағы тарихи өлкетану мұражайының ғылыми қызметкерлері. Қорған тарихы **төрт жарым** мыңжылдықты құрайды. **Нақты 4290 жылдың мұрасы.** Мұны Германия лабораториясы дәлелдеді.

Қазіргі таңда Қарауылтөбе биіктігінде көлемі жағынан үлкен оба кездеседі, ол ерте темір ғасырының, яғни сармат кезеңінің ескерткіші, б.д.д. 5-3- ғасырлардың аралығындағы кезеңдерді қамтиды. Кіші жүздегі ұлт-азаттық күресінің тарихында Ойыл көтерілісшілерінің де орны бар. атты казак өскерлері 1868 ж. шілденің бас кезінде қырдағы Ойыл бекінісі мен ойдағы Ойыл елін қоршап, басыңларымен бірге көптеген көтерілісшілерді Қазыбек биігінде аяусыз қырып жазалаған. Сол Қазыбек биігі – қазір Қарауыл төбе деп аталады

Ойыл ауданының тарихы тереңде екенін дәлелдейтін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақталып тұрған ерекше туынды бұл **балбал тас.** Бұл ескерткіш Ойыл селосының 8 шақырым жерден Барқын құмының жиегінен табылды. Тас біраз тереңнен шықты. Ескерткіш шамамен -IX XII ғасырға жуықтайды. 1970 ж. Барқын құмының жиегінен табылған биіктігі 98см, ені 42см тас



мүсіннен тізерлеп отырған әйел пішіні анық көрінеді. Ашық сары құмдақтан орындалған. Мүсіннің басы көтеріңкі, қос қолымен сөбиін аялаған ана бейнесі сомдалған. Ендігі кезекті Архитектуралық ескерткіштерге берейік. XIV ғасырдың бас кезінде Ойыл өңіріне бұрынғы Роман кейіннен

бойына ұрпақтары Наурызөлінің басын көтерді. Мәрмәр тақтада – дулығалы батырдың төбе басынан етектегі кең жайылған сары далаға бойлай көз жүгірткен бейнесі.

Ойыл селосынан 15 км, Қаратал селосының солтүстік батысында 3 км жерде **Ақмешіт қорымы** орналасқан.

жәрмеңкесінде енгізілген. Алғашқы базарбасы болып Ашықбай Лепесов тағайындалған. Бұл туралы Орынбор генерал-губернаторы өзінің Сауда министріне жіберген хатында айтады. Ресей империясы Көкжар жәрмеңкесінің өсуімен Ойылды уез орталығына айналдырды. Уездік Көкжар қаласы

ДЕРТПЕН КҮРЕСКЕН ДӘРІГЕР ЕҢБЕГІ

ТӨТЕННЕН КЕЛГЕН ВИРУСТЫҢ ОСЫНША ӘЛЕК САЛЫП, АУЫР СОҚҚЫ БЕРЕТІНІН ЕШКІМ БОЛЖАЙ АЛМАДЫ. АЛАЙДА ЖЕДЕЛ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖАРИЯЛАНЫП, АУРУХАНАЛАР КҮШЕЙТІЛГЕН ТӨРТІПКЕ КӨШТІ. АЛҒАШЫНДА АУДАНЫМЫЗДА ДЕРТ ДЕНДЕГЕН ТҮСТА ДӘРІ-ДӘРМЕК ПЕН ҚАЗЖЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ, ТӨСЕК-ОРЫННЫҢ ТАПШЫ БОЛҒАНЫ ӘЛІ ЕСТЕ. ӘЙТСЕ ДЕ, ЖҰМЫСЫ ӘДЕТТЕГІДЕН ЕКІ ЕСЕЛЕНГЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТӘУЛІК БОЙЫ ҚЫЗМЕТ КЫЛДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЭПИД АХУАЛ ТҰРАҚТЫ. АУДАНДЫҚ АУРУХАНА ТЫНЫС АЛУ АППАРАТТАРЫМЕН ТОЛЫҚТАЙ ЖАБДЫҚТАЛҒАН.

COVID—19 инфекциясымен күресте адам өмірі үшін басын қатерге тіккен дәрігерлер қаншама?! Қауіпті індетпен күресу жолында медицина қызметкерлерінің еңбегі орасан болды. Тісінінше олардың еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып жатыр. Ауданның бас дәрігерінің айтуынша дертті ауыздықтауға барын салған дәрігерлердің қатарында Амантай Тілеқұлы да бар. Амантай Идеятөв Кептоғай селосында дүниеге келген. Балалық кезінен дәрігер болуды армандаған ауыл баласы 2004 жылы Құрман орта мектебін бітірісімен Марат Оспанов атындағы БҚММА емдеу ісі факультетіне оқуға түседі. Аталған оқу орнынан 2011 жылы жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығы бойынша бітірген. 2011 жылғы шілде айында Ойыл аудандық орталық ауруханасына жалпы тәжірибелі дәрігер болып жұмысқа қабылданды. 2012 жылы онкология мамандығымен алғашқы даярықтан өтіп 2012 жылы шілде айының басынан онколог дәрігер болып жұмыс істеп бастады. 2013 жылы анестезиолог-реаниматолог мамандығы бойынша алғашқы даярықтан өтіп, 2014 жылдан бері Ойыл аудандық ауруханасында анестезиолог-реаниматолог дәрігер болып жұмыс жасайды. Гиппократ ағына қабылдаған ақ халатты жігіт ағасы бүгінде өлем елдерін өбгігері салған коронавирус пандемиясын күресте әріптестерімен бірге



атсалысып келеді. Біз Амантай Идеятөвпен арнайы тілдесу барысында ол: *«Жалпы аудан көлемінде осы пандемия басталғалы бері дәрігерлер күн-түн демей еңбек етуде. Індет күшейген кезде үй көрместен адам жанына араша түсіп, олардың дерттен айығып кетулері үшін барымызды салдық. Күнделікті жұмыс барысында науқастардың жиналғанын керудің өзі өте ауыр. Тіпті кесел жұқтырып, келмеске кеткендер де болды. Сондықтан барша аудан жұртшылығын әрдайым санитарлық талаптарды ескеріп, жеке бас гигиенасын сақтауға шақырамын»,* - деді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

«ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНА ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

«Жібек жолы» бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы өткізілді. Күн тәртібіндегі қаралған бірінші мәселе бойынша бастауыш партия ұйымының 2019-2020 жылдары атқарған жұмыстары туралы есебі және алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы Сәндібек Нұрбаев баяндама жасады. Негізінен бастауыш партия ұйымының атқарған жұмыстары баяндалды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ең басты құндылығы – адам денсаулығы, елдің татулығы мен қауіпсіздігі, тұрақтылығы мен ынтымақтылығы. Сол себепті «Жібек жолы» бастауыш партия ұйымы да өз бағытында міндеттелген жұмыстарды ынтымақпен жұмыла атқаруда. Барлық салалар бойынша нақты мақсаттарды, міндеттерді, қол жеткізу көрсеткіш индикаторларын айқындай отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыттары депутаттардың ерекше бақылауында. Барлық БПҰ төрағаларының алдында бірінші кезекте тұрған мәселелер, елді мекендерде жолдардың жөндеу, жол белгілерін орнату, көшелерді жарықтандыру, ауыз су тарту, табиғи газбен қамтамасыз, мектеп ғимараттарын жөндеу және басқа да әлеуметтік мәселелері тұр.

Бүгінгі күні тұрғындар тарапынан сауалдар қойылып, «Жібек жолы» бастауыш партия ұйымы бірқатар сауалдардың оңды шешуіне ықпал етті. Мәселен

1. Пандемия кезінде «Біз біргеміз» акциясы аясында ауданның әлеуметтік осал топтағы отбасыларға 40 әлеуметтік пакет берілді.
2. «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы аясында, қарттар күні, жаңа жыл қарсаңында үнемі дәрігерлер үйлеріне барып, медициналық тексерістен өткізіп, тиісті ем-домдарын жасап тұрады. Сондай-ақ, қарттар күні қарсаңында 140 мың көлемінде сыйсияпат берілді.
3. «Біз біргеміз» акциясы аясында медицина қызметкерлерінің денсаулық жағдайына байланысты 50 мың көлемінде екі адамға көмек көрсетілсе, пандемия кезінде атсалысқан мамандарға 100 мың көлемінде қолдау көрсетілді.
4. Ойыл селосының тұрғыны, әлеу-



меттік аз қамтылған отбасы Сағынбеков Самалға – 50 мың әлеуметтік пакет берілді.

5. «Көдергісіз келешек» бағдарламасы аясында, аурухана ғимаратының алдына пандус жасақталып, мүмкіндігі шектеулі жандарды бөлек қабылдау кабинеті жасақталған. Сонымен қатар, Жеңісұлы Байрамға медициналық диагностикадан өтуі үшін ақшалай көмек көрсетілді.
6. «Мемлекетіміздің болашағы – жастар», жастарға үнемі қолдау мақсатында «қазақ жастары» бағдарламасы аясында жас мамандарға бір жолдық жәрдемақы мен тұрғын үй алуына көмек көрсетіліп келеді. Аудандық аурухана бойынша бүгінде 6 жас маманға, әр маманға 291 мың біржолдық жәрдемақы алса, 5 маман тұрғын үймен қамтамасыз.
7. Алул тұрғыны Төленова Асылға тұрмыстық қажеттілігіне орай, 160 мың көлемінде құрылыс материалдарын алуға көмек көрсетілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның

МЕНІҢ КЕЛІНІМ...

«Менің келінім орысшалау...», «менің келінім олақтау...», «келінімнің кісінің көңіліне қарамайтыны бар... дегенді өркім-өркім-ақ айтады.

Келініне көңілі толатын еңелер де өте сирек. Тіпті некен-саяқ десем де қателесе қоймаспын-ау?

Мен де өзімнің келінім туралы айтайын деп отырмын. Кейбіреулер, «қайтсін байғұс келінімнің қолына қарап қалғаннан кейін, келінін мақтап жөн сақтамайды деп ойлап қалар, өңіміні басынан бастаймын.

Жолдасым өмірден өткенде, баламыз екеуіміз қалдық, жеті жаста да еді. Қиындықты да көрдік, бағымызға қарай құдайы көршілерім: Сара (марқұм), Күләш, Рахила (екеуі де қалада) ақылын айтып, көп көмектесті.

Айтайын дегенім де - келінім Азиза туралы. Осы келінімнің отандасқандарына он бес жыл толады. Тіп-көзден аулақ, осы он бес жылдың ішінде ұлым мен келінім, не нәрсіні де ақылдасып істейді, үй ішіндегі орындарын біледі. Бұлардың тағы бір қасиеті: бір-бірінің еңбегін, не табысын бұлдамайды, бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарып, үй жұмысына бірлесіп, өркім өз жұмысымен жүреді.

Келген қонақты шын пейілімен қарсы алып, адал дәмі мен ақ ниеттерін алдына тосады, меймандары еңгіме-дүкен құрып, ойнап-күліп, рахаттанып дем алады. Әзірлеген асы қандай керемет десеңші. Жұмыя күліп, сұлу торы аттай болып, баламың асты-үстіне түсіп, бөйек боп жүр. Бұл бір емес, өне бойы осы. Ал, мұндай үйде қандай ұрыс-керіс болсын.

«Еркек үйдің егесі, әйел-оның шегесі» дейді дана халқымыз. Шегесі, қазығы мықты үйдің шаңырағы шайқалушы ма еді. Шайқалуыңыз не, мұндай шаңырақ көктеп, көгеріп жайналып тұрады. Сондықтан барлық мәселені ақылмен шешкен дұрыс. Әйел өзін қанша жерден биік сезінсе де, еркектен өзін төмен ұстауға үйренуі керек. Әрбір айтқан сөзіңе сақ бол. Ерікке тазалық, дәмді тағам, жылы сөз, ыстық сезім керек. Санассаң, өктемдік

етсең, дауыс көтерсең- онда қателескенің. Отбасыдағы кикілжің мен араздық осыдан басталады. Қысқасы, татулық пен бірліктің кілті әйелдің қолында...

Бұл өрекетім ешкімді шамдандырмаса керек. Өйткені, адам жақсының жақсылығын үйренуі тиіс. Күтудің де сан түрі бар. Біреулер күні үшін күтеді, біреулер сырт көзден жасқанып күтеді, біреу санасып күтеді. Әсіресе, риза болатыным, келінім Азиза ұлымды шын ниетімен, шын пейілімен күтеді. Мен қонаққа бара қалсам, шалбар, көйлекті өтектеп қояды. Үсті-басым, әр уақытта таза. Ананы, мынаны кісеңіз деп тұрады. Келінім мейірбеке болып жұмыс жасайды. Қызметінде өте сыйлы, ал үйде жаңағыдай.

Келінімнің шешесін, яғни, құдағым Дарығаны көрген сайын бөйек болып тұрам. Осындай адал сүт емген ақ жарқын келінді тәрбиелеп өсіріп, ұядан ұшырған адамды қалай қадірлемейсің? Ұлымың үш қызы, бір ұлы бар. Үлкені 6-сыныпта, екеуі бастауышта, ең кенжесі бір жастан асты. Бұлар да келінім Азизадай өнегелі, көрегенді болып, өсіп келеді. Тіпә-тіпә!

Өзге халықтарда, өзге ұлыс ұлттарда, қандай екенін мен қайдан білейін, ал қазаққа келін - күллі бір әулеттің «балуан бақаны» екен ғой. Және, сол әулеттің көңіл-құйының көтеріңкі, я болмаса құлазыңқы болуы да, жекжат-жұрағатпен араласуы немесе мүлде ат құйрығын үзісіп кетуі де, ағайын-туыстың арасында беделге ие болуы мен абыройсыздыққа ұрынуы да, жақсы атануы мен жаман атқа ілігуі де... бәрі-бәрі келінге байланысты. Келіндерге береке берсін даныш!

Осы хатымды, әдейі «Ойылға» жолдап отырмын. Тиражи көп газеттің оқырманы да көп қой, ертең-ақ бір үйге келін болып түсетін қыздар қауымы оқысын деп...

Аттағұлла ДОСНИЯЗҰЛЫ, Зейнеткер. Қараой ауылы.

Құттықтайық

Саралжын ауылдық округінің тұрғыны Қалауов Нұрберген Ақдаулетұлына

Қадірлі Нұрберген құда! Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай - сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы ата деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап, Бірақ қимыл өлі жастай шымыр - ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі Күндеріңіз мұң салмасын қырындап. Талай күндер төккен термен өткен күн. Қуаныштың нөрі көктен сепкен күн. Талай жылдар тағылымы толысып, Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн. Еленді еңбек қуанышты бөріміз, Зейнет жаспен құпиярады сөніңіз. Жалынды жас көйпін өлі сақтапсыз, Қуанышқа ортақпыз кіші - көріміз. Құттықтаушы : Құда-құдағайларың Молдаш-Райгүл, Жарқын, Марат-Несін, Серсенбай-Жанаргүл.

Тазалық айлығы АУЫЛДЫ ҚҰМ КӨШКІНІНЕН ҚОРҒАУ КӨГАЛДАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Көктем шыға сала, барлық ауылдық аймақтар мен елді мекендерде көктемгі санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізу науқаны басталып кетті.

Осыған орай, Қараой ауылдық округі бойынша тазалық айлығын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі ауылдық округте санитарлық-тазалық жұмыстарына жоспар бекітілді.

Қазіргі таңда, ауылдық округте өр бейсенбі сайын барлық мекемелерге «Таза бейсенбі» акциясы жарияланған болатын. Сонымен қатар, ауылдық округте кезекті сенбілік жұмыстарымен қоса, мекеме қызметкерлерінің қатысуымен апта сайын үздіксіз тазалық жұмыстары жүргізіліп отыр.

Ауылдық округ бойынша жүргізілген тазалық жұмыстарын айтып өтер болсақ, ең алдымен ауылдық округтегі «Кете» шаруа қожалығы тракторымен ауыл көшелерінің жолдарына тегістеу жұмыстары жасалды. «Жастар» саябағындағы кесілген талдардың артық түптері кесілініп, «Бегалы» шаруа қожалық тракторымен тиісті орынға жеткізілді. Сонымен қоса, елді-мекен айналасындағы, ауылдық округ көшелеріндегі және ауылдық саябақтағы жиналып қалған

тұрмыстық қатты қалдықтардан тазалап, ретсіз төгілген қоқыс үйінділерімен сай салада жатқан мал өлекшелерін толығымен тазаланып, полигонға жеткізіп, өртеп-жою жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстары толығымен жасақталғаннан кейін, аудан орталығынан 500 түп жас шыбық; оның ішінде, 400 түп, қара тал және 100 түп үйеңкі шыбықтары өкелініп саябақтар мен мекеме шарбақтарына шықпай қалған көшеттер орнына қайтадан отырызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта ауылдың оңтүстік батыс бөлігін, құм көшіннен қорғау мақсатында, жас түп талдарды көптеп отырғызу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Округі әкімшілігінің тарапынан ауылдық көшелерде орналасқан несіз тұрғын үйлер айналасына тазалық жұмыстары жасалып, үйлерінің сыртына өктеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күнге дейін ауылдық округте ұйымдастырылып жатқан акциялар мен көктемгі тазалық жұмыстарына 30 адам, 2 техника жұмылдырылып, 45 тонна қоқыс белгіленген орынға тегілді.

ОРМАН ӨРТІНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Орман-жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдік, ағаштар жамылғысының басты бір ордасы. Құрамында бірі-біріне жақын өскен ағаш-бұталардың бірнеше түрлері бар табиғи кешен. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі – басты мәселе. Орман шаруашылығында өрттен қорғау сызбасы жасалады.

Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы жапырақты өсімдіктер, аршалар, қыналар, т.б жатады. Орман өртінің бірнеше түрлері бар: төселе жанатын, шарпып жанатын және дауылдық, табиғи өрттер. Орман өрттерінің алдын-алуының ең маңыздысы - қолдан жасалған өртті азайту.

Орман айналасында отырған малшыларға, табиғат аясына шыққан демалушыларға өрт қауіпсіздігі туралы арнайы жадынамалар мен аниолтарға сай сақтық шараларын

қолдануды өтінеміз.

Орман өрті - абайсыз жағылған от, сенбей қалған шоқ арқылы болуы да өбден мүмкін. Тіптіс жандың алдына алу үшін табиғат аясында сақтық шараларын қатаң ескеру керек. Табиғат аясында өрттерге жол бермеу мақсатында, орман, тоғай және далалық алқаптар сәндірілмеген отты қараусыз қалдыруға, төмекі тұқылын немесе шала бықсыған шүберектерді тастауға, қалың ну орман арасында, ағаш тоғын, егін алқаптарына от жағуға, орман, тоғай, далалық алқаптарға өздігінен өртенетін заттарды, ағаш айтқанда, жанармай сіңген шүберектерді, шыны ыдыстарды тастауға, жанған отты қараусыз қалдыруға болмайды!

Е.РЗИН, Ойыл орман шаруашылығы ЕСХС бастығы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Екпелал ауылы Тілеуберганов Гүлзира Сағынтайқызы (17.03.1974 ж.–29.04.2020 ж)

Өттең дүние, өмір деген өтпелі, Бұл өмірге кімдер келіп, кетпелі. Жазмыш ісін қай пендесі болмайды Өмір деген неге сонша шектеулі, 1 жыл болды сен өмірден кеткелі. Сағына еске аламыз. Иман болсын жолдасың. Жаратқан өзі қолдасын. Еске алушылар: мамасы Гүлжан, баласы Ардақ, бауырлары.

Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Сапарова Ұланға қайын енесі Жұмаштың қайтыс болуына байланысты ағайын, тұма туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Төрешова Назгүлге аяулы анасы Шолпанның қайтыс болуына байланысты ағайын, тұма туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл ауданының Н. К. Крупская атындағы 1984 жылғы бітірген 10-шы В класс түлектерінің қыздары Нұрбаев әулетіне және кластас құрбымыз Нұрбаева Ақбөбекке Аяулы сіңісі Нұрбаева Ақтотының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы, Қарасу негізгі мектебінің ұжымы осы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұрбаева Ақтоты Мұқанбетжанқызының қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Дүйсеғалиева Айнураға жеңгесі Нұрбаева Ақтотының қайтыс болуына байланысты ағайын,тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Иманова Жанымгүлге ардақты өкесі Иманов Нұрлыбайдың қайтыс болуына байланысты ағайын,тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

АДАМДАР ЖАППАЙ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар жаппай жиналатын объект – бір мезгілде жүз және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, ғибадат ғимараттарының, көңіл көтеру орындарының, көліктің барлық түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары жатады.

Көп жағдайларда мұндай объектілерде өрт шыққан кезде ерекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманғы адамдар

көп жиналатын барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от және жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды өттегін ығыстырады. Ұлы газдың кішкене ғана концентрациясымен дем алған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Өйткені, статистика бойынша, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура есерінен емес, түтімнен тұншығудан қаза табады. Түтімнен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өртте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне өкеледі.

Адамдар жаппай жиналатын объектіде өрт шыққан жағдайда жасалатын

іс-әрекеттер жиынтығы:

1. Кез келген адамдар көп жиналатын объектілерге кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көңіл бөліп, ойша оларға қарай жүріп өтіңіз;
2. Ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық шығу бағытымен шығыңыз. Ештеме іздемей, жинақтамай оттан тезірек шығыңыз;
3. Адамдар көп жиналатын объектілерде зиянды жану өнімдері Сіздің бойыңыз бен одан да жоғары деңгейде жиналуы мүмкін, сондықтан эвакуациялық шығуларға еңбектен өтіңіз, өйткені еденге жақын ауа температурасы төмен өрі оттегі көбірек болады;
4. Егер түтінің есерінен тамағыңыз жыбырлап, көзіңіз жасаураса – тыныс алу жолдарын қандай да бір көп

қабатты матамен мықтап бүркеп өтіңіз, мата арқылы демалыңыз;

5. Кез-келген жағдайда сабырлық сақтап, басқаларды тыныштандырып, үрей тудыруға жол бермеңіз. Өрттің шығуы немесе жану (түтіңдеу, темпелатураның жоғарылауы, күйік ісі) белгілері туралы «101» немесе «112» телефондары арқылы (ұялы телефон арқылы теңгерімнің болмауына қарамастан теріледі) өртке қарсы қызметке хабар беріңіз.

Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруін сұраймыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі